

Государственные нормативы в области архитектуры,
градостроительства и строительства
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И
СМЕТАМ

**ҒИМАРАТТАР МЕН ҚҰРЫЛЫСТАРДЫ САЛУ
ҚҰНЫНЫҢ ІРЛЕНДІРІЛГЕН
КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ЖИНАҚТАРЫ.
ӨНДІРІСТІК ЕМЕС МАҚСАТТАҒЫ
ОБЪЕКТІЛЕР**

Атырау облысы

**СБОРНИКИ УКРУПНЕННЫХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ
СТОИМОСТИ СТРОИТЕЛЬСТВА ЗДАНИЙ И
СООРУЖЕНИЙ. ОБЪЕКТЫ
НЕПРОИЗВОДСТВЕННОГО НАЗНАЧЕНИЯ**

Атырауская область

**ҚР ІСН 8.02-04-2024
УСН РК 8.02-04-2024**

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері
комитеті**

**Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального
хозяйства Министерства промышленности и строительства
Республики Казахстан**

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы
мемлекеттік нормативтер
БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР БОЙЫНША
НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР**

**Государственные нормативы в области архитектуры,
градостроительства и строительства
НОРМАТИВНЫЕ ДОКУМЕНТЫ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ И
СМЕТАМ**

**ҒИМАРАТТАР МЕН ҚҰРЫЛЫСТАРДЫ САЛУ
ҚҰНЫНЫҢ ІРІЛЕНДІРІЛГЕН КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ
ЖИНАҚТАРЫ. ӨНДІРІСТІК ЕМЕС МАҚСАТТАҒЫ
ОБЪЕКТІЛЕР**

Атырау облысы

**СБОРНИКИ УКРУПНЕННЫХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ
СТОИМОСТИ СТРОИТЕЛЬСТВА ЗДАНИЙ И
СООРУЖЕНИЙ. ОБЪЕКТЫ НЕПРОИЗВОДСТВЕННОГО
НАЗНАЧЕНИЯ**

Атырауская область

**ҚР ІСН 8.02-04-2024
УСН РК 8.02-04-2024**

**Ресми басылым
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті**

**Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан**

Астана 2024

Алғы сөз

1 ӘЗІРЛЕГЕН	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ
2 ҰСЫНҒАН	Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі (ҚР ӨҚМ) Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері комитетінің Құрылыстағы сметалық нормалар басқармасы
3 БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ	ҚР ӨҚМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 06.12.2024 жылғы № 156-нқ бұйрығымен 01.01.2025 жылдан бастап
4 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ	ҚР ӨҚМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 27.10.2023 жылғы №160-нқ бұйрығымен бекітілген ҚР ІСН 8.02-04-2023 «Ғимараттар мен құрылыстарды салу құнының ірілендірілген көрсеткіштерінің жинақтары. Өндірістік емес мақсаттағы объектілер»

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН	АО «КазНИИСА»
2 ПРЕДСТАВЛЕН	Управлением сметных норм в строительстве Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан (МПС РК)
3 ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ	Приказом Комитета по делам строительства и ЖКХ МПС РК от 06.12.2024 года № 156-нқ с 01.01.2025 года
4 ВВЕДЕН ВЗАМЕН	УСН РК 8.02-04-2023 «Сборники укрупненных показателей стоимости строительства зданий и сооружений. Объекты производственного назначения», утвержденных приказом Комитета по делам строительства и ЖКХ МПС РК от 27.10.2023 года № 160-нқ

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

Мазмұны

1. Жалпы ережелер.....	1
1-бөлік ТҰРҒЫН ҮЙ-АЗАМАТТЫҚ МАҚСАТТАҒЫ ОБЪЕКТІЛЕР.....	6
1-бөлім Тұрғын ғимараттар	6
2-бөлім Әкімшілік ғимараттар.....	12
3-бөлім Оқу орындары	16
4-бөлім Денсаулық сақтау объектілері	20
5-бөлім Спорттық ғимараттар	24
6-бөлім Ашық спорт құрылыстары	27
7-бөлім Автокөлік тұрақтары	29
8-бөлім Мәдениет объектілері	32
2-бөлік ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ӨЗГЕ ДЕ ОБЪЕКТІЛЕРІ.....	34
1-бөлім Энергетика объектілері	34
2-бөлім Сумен жабдықтау және су бұру объектілері.....	39
3-бөлім Тазарту құрылыстары	44
4-бөлім Әкімшілік-тұрмыстық мақсаттағы объектілер.....	47
5-бөлім Сақтау объектілері	50
6-бөлім Көлік объектілері	52
А қосымшасы (міндетті) Технологиялық жабдықтар құнының көрсеткіштері ...	61
Б қосымшасы (міндетті) Еңбек шығындарының көрсеткіштері	69

**БАҒА БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ СМЕТАЛАР БОЙЫНША НОРМАТИВТІК
ҚҰЖАТТАР****ҒИМАРАТТАР МЕН ҚҰРЫЛЫСТАРДЫ САЛУ ҚҰНЫНЫҢ
ІРІЛЕНДІРІЛГЕН КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ЖИНАҚТАРЫ. ӨНДІРІСТІК ЕМЕС
МАҚСАТТАҒЫ ОБЪЕКТІЛЕР
Атырау облысы****СБОРНИКИ УКРУПНЕННЫХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ СТОИМОСТИ
СТРОИТЕЛЬСТВА ЗДАНИЙ И СООРУЖЕНИЙ. ОБЪЕКТЫ
НЕПРОИЗВОДСТВЕННОГО НАЗНАЧЕНИЯ
Атырауская область**

Енгізу күні 2025-01-01

1. Жалпы ережелер

1.1 Үйлер мен ғимараттар құрылысы құнының ірілендірілген көрсеткіштері техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеуді талап етпейтін инвестициялық жобалардың жобалау алдындағы құжаттамасының құрамында, сондай-ақ құрылыс саласындағы инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінің құрамында құрылыстың есептік құнын айқындау кезінде қолданылады.

1.2 Осы «Үйлер мен ғимараттар құрылысы құнының ірілендірілген көрсеткіштері. Өндірістік емес мақсаттағы объектілер» жинағында (бұдан әрі – Жинақ) келтірілген үйлер мен ғимараттар құрылысы құнының ірілендірілген көрсеткіштері Қазақстан Республикасының аумағында кеңінен қолданылатын тұрғын, қоғамдық, әкімшілік және жаппай салынатын үйлер мен құрылыстардың басқа да түрлері үшін әзірленген.

1.3 Үйлер мен ғимараттар құрылысы құнының ірілендірілген көрсеткіштерін қолдану кезінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы қолданыстағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерді, Қазақстан Республикасының құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттарды басшылыққа алу қажет.

1.4 Құрылысы алдағы күнтізбелік жылда (алдағы күнтізбелік жылдарда) жоспарланатын объектілер бойынша құрылыстың есептік құны алдағы кезеңдердің инвестициялар көлемін ҚР ҚНБҚ 8.04-07 «Құрылысқа арналған құн индекстері» құрылыс үшін құн индекстері арқылы индекстеу жолымен айқындалады.

Инвестициялар көлемін күнтізбелік жылдар бойынша бөлу нормативтік ұзақтық пен құрылыстағы дайындама нормаларына сәйкес орындалады.

2. Жалпы бөлік

2.1 Үйлер мен ғимараттар құрылысы құнының ірілендірілген көрсеткіштері (бұдан әрі – ҚҚІК) ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы бар үлгілік жобалар мен өкіл объектілердің жобалау-сметалық құжаттамасына негізделген ресурстық-технологиялық модельдер негізінде әзірленді.

2.2 ҚҚІК құрылыс объектісін тұрғызу үшін қажетті және жеткілікті, белгіленген өлшем бірліктеріне (өлшеуіштерге) есептелген ақша қаражатының көлемін (қосылған құн салығын есепке алмағанда) білдіреді.

ҚҚІК 2024 жылдың желтоқсан айындағы жағдай бойынша бағаларда әзірленді.

2.3 ҚҚІК Қазақстан Республикасының 20 өңірі үшін есептелген және әр өңір үшін Жинақ түрінде шығарылады.

2.4 Жинақ жалпы бөлімді, қолдану тәртібін, техникалық бөліктерді, құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерін, өкіл-объектілердің сипаттамаларын, алғашқы жабдықтауға арналған технологиялық жабдықтың құндық көрсеткіштері бар қосымшаны, еңбек шығындарының көрсеткіштері бар қосымшаны қамтиды.

Өкіл объектілердің сипаттамалары туралы ақпарат (кестелер, графикалық материалдар) жинаққа «Өкіл объектілер» қосымшасында келтірілген (бөлек шығарылады).

2.5 Жинақта ғимараттар мен құрылыстардың типіне, мақсатына, қуатына, тұтынушылық қасиеттеріне байланысты ҚҚІК бөліктерге, бөлімдерге және кіші бөлімдерге біріктірілген

2.6 «Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер» деген 1-бөлім мынадай бөлімдерді қамтиды:

- Тұрғын ғимараттар;
- Әкімшілік ғимараттар;
- Оқу орындары;
- Денсаулық сақтау объектілері;
- Спорттық ғимараттар;
- Ашық спорт құрылыстары;
- Автомобиль тұрақтары;
- Мәдениет объектілері.

2.7 «Өзге де инфрақұрылым объектілері» деген 2-бөлім мынадай бөлімдерді қамтиды:

- Энергетика объектілері;
- Сумен жабдықтау және су бұру объектілері;
- Тазарту құрылыстары;
- Әкімшілік-тұрмыстық мақсаттағы объектілер;
- Сақтау объектілері;
- Көлік объектілері.

2.8 Жинақтың келтірілген құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштері құрылыс-монтаждау жұмыстары мен жабдықтардың құнын ескереді.

Жинақтың ҚҚІК түзетуге жатпайды.

2.9 Кіші бөлімдердің номенклатурасы туралы мәліметтер, ғимараттардың, құрылыстардың көлемін есептеу қағидалары, объектілердің негізгі көрсеткіштерін айқындау тәртібі, нормаларда қабылданғаннан өзгеше жағдайларда жұмыстар жүргізуді ескеретін коэффициенттер, құрылысқа есептелген шығындар туралы мәліметтер (тек ғимаратқа немесе алаңшылық инфрақұрылым мен абаттандыруды ескере отырып), объект туралы өзге де мәліметтер және қосымша ақпарат, ҚҚІК қолдануға қатысты Жинақ бөлімдерінің техникалық бөліктерінде келтірілген.

2.10 Құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерінің мәндері "Құндық көрсеткіштер" кестелерінде өлшем бірлігіне келесідей түрде, мың теңгеде келтірілген:

Объект құрылысы құнының көрсеткіші

Құрылыс-монтаждау жұмыстарының (ҚМЖ) құны

оның ішінде материалдар

оның ішінде жұмысшылар мен машинистердің еңбекақысы

Жабдық

2.11 «Өкіл объектілер» қосымшасында объектілердің (қасбеттер, орындар) схемалары және «Объектінің, конструктивтік шешімдер мен жұмыс түрлерінің техникалық сипаттамалары» деген кестелер келтірілген. Конструктивтік шешімдердің сипаттамалары, олардың қысқаша сипаттамасы тиісті ҚҚІК есебі орындалған объектінің жобалау-сметалық құжаттамасына сәйкес келтірілген.

2.12 «Құндық көрсеткіштер» кестелерінде өлшем бірлігіне құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштері жұмыстардың барлық кешенінің сметалық құнын және ғимаратты (құрылысты) тұрғызуға арналған шығындарды ескереді және мыналарды қамтиды:

- құрылыс материалдарының, бұйымдарының және конструкцияларының құны;
- жұмысшылардың еңбек шығындары;
- құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануға арналған шығындар;
- жабдық құны;
- алаңшілік сыртқы инженерлік желілердің құрылғысына және аумақты абаттандыруға арналған шығындар (бар болса).

2.13 Жинақтың А қосымшасында алғашқы жабдықтандыру үшін технологиялық жабдықтың, жиһаздың, мүкәммалдың құны келтірілген.

2.14 Жинақтың Б қосымшасында ҚҚІК еңбек шығындарының көрсеткіштері келтірілген.

2.15 ҚҚІК жаңа құрылыстың құнын анықтау үшін әзірленеді және қолданылады және күрделі факторлар болмаған жағдайда жұмыс өндірісінде жүзеге асырылатын жұмыстардың толық жиынтығын орындауға қажетті шығындар деңгейін көрсетеді. ҚҚІК-де қабылданған құрылыс шарттарынан ерекшеленетін құрылыс шарттары құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттарда және осы Жинақтың бөлімдеріне техникалық бөлімдерде баяндалған ережелерге сәйкес қосымша ескеріледі.

2.16 Нақты өңір үшін ҚҚІК өңірдің климаттық факторларын ескере отырып, ең суық бес күндік ауа температурасы туралы мәліметтерге сүйене отырып, есептеледі.

ҚҚІК құрылыс жоспарланған өңір үшін қабылданады.

2.17 ҚҚІК құрылыстың ауыр гидрологиялық жағдайлардың болдырмайтын шарттарға арналып әзірленген: топырақты жасанды бекіту немесе ауыстыру, суды төмендету, оқшаулаудың күрделі түрлері және т.б. ұқсас шарттары. Мұндай жағдайларда жұмыстардың жекелеген түрлеріне және шығындарға жергілікті сметалық есептер жасалады, олар есептік құнын айқындау кезінде қосымша ескеріледі.

2.18 ҚҚІК құрылыс салуға бөлінген жер учаскесі шегінде орналасқан инфрақұрылымның қосалқы объектілері құрылысының құнын есепке алмай, жеке тұрған ғимарат (құрылыс) үшін әзірленді.

Құрылыс алаңы шегінде (жалпы құрылыс бойынша) құрылыстың есептік құнын айқындау кезінде көмекші (инфрақұрылымдық) объектілер құрылысының құны қажет болған жағдайда қосымша ескеріледі.

2.19 Егер объектілерді салу кезінде тек жекелеген аймаққа ғана тән жобалық шешімдер қолданылатын болса, онда ҚҚІК тек осы нақты аймақ үшін әзірленеді.

Мысалы, ұлутас-тас қабырға материалы ретінде қолданатын нысандар тек Маңғыстау және Атырау облыстары үшін берілген.

2.20 Егер өкіл-объектінің жобасы ауылдық жерлерде құрылысқа арналған болса, онда ҚҚІК республикалық маңызы бар қалалар үшін әзірленбейді.

3. Қолдану тәртібі

3.1 ҚҚІК қолдана отырып, құрылысы жоспарланған объектінің құнын есептеу мынадай ретпен орындалады:

1. құрылысы жоспарланатын объект бойынша бастапқы деректерді жинау;
2. жобалау-сметалық құжаттамасының негізінде ҚҚІК әзірленген өкіл объектінің сипаттамаларын талдау;
3. белгіленген өлшем бірлігіне (объект қуатын өлшеу бірлігі немесе жалпы объектіге) ғимарат (құрылыс) салу құнының тиісті көрсеткішін таңдау. Өлшеуішті таңдау 3.4-тармаққа сәйкес жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда үй (ғимарат) құрылысы құнының көрсеткішін есептеу интерполяция әдісімен жүргізіледі;
4. үй (ғимарат) құрылысы құнының көрсеткішіне енгізілген шығындар түрлерін талдау, ҚҚІК-де көзделмеген шығындардың қосымша түрлерін айқындау, қажетті түзету коэффициенттерін таңдау;
5. құрылысы жоспарланатын объектінің есептік құнын айқындау.

3.2 Құрылысы жоспарланатын объекті бойынша бастапқы деректерді жинау кезінде:

1. құрылыс өңірі, құрылыс өңірінің климаттық, геологиялық жағдайлары, оның ішінде ауданның сейсмикалығы;
2. объектінің функционалдық мақсаты, объектінің қуаты (жалпы ауданы, орын саны және т. б.);
3. құрылыс және монтаждау жұмыстарын жүргізуді қиындататын жағдайлар айқындалады.

3.3 Өкіл объектінің сипаттамаларын талдау олардың жобаланатын (жоспарланатын) объектінің деректеріне (сипаттамаларына) сәйкестігін анықтау мақсатында жүзеге асырылады. Объектілердің сипаттамаларын салыстыру кезінде «Өкіл объектілер» жинағына қосымшада келтірілген өкіл объектінің деректері пайдаланылады.

3.4 Өлшеуішке үй (ғимарат) ҚҚІК-ін таңдау ҚҚІК жинағының тиісті Бөлімі бойынша құрылысы жоспарланатын объектінің, сондай-ақ құрылыс белгіленетін өңірдің функционалдық мақсаты мен қуатын ескере отырып жүзеге асырылады.

3.4.1 Бір өлшеуішке есептелген ҚҚІК үшін, атап айтқанда:

ҚҚІК объектінің қуаты сәйкес келген жағдайда қолданылады, ал аудандардағы айырмашылық 5% - дан аз болған жағдайда тиісті объектінің ҚҚІК есепке алынады, аудандар айырмашылығы 5% - дан көп болған жағдайда, ауданы жоспарланған (жобаланатын) объектінің ауданына ең жақын келетін ауданы (м²) бар объектінің ҚҚІК есептеледі.

Егер объектінің қуаты сәйкес келмесе және аралық мәнде болса, онда ауданы жоспарланған (жобаланатын) объектінің ауданына ең жақын келетін ауданы бар (м²) объектінің ҚҚІК есептеледі.

3.4.2 Екі өлшеуішке, атап айтқанда: объект қуатының белгіленген өлшем бірлігіне және объект ауданына (м²) есептелген ҚҚІК үшін құрылыстың есептік құны екі көрсеткіш – объектінің қуаты мен ауданы бойынша есептеледі және объект құрылысының ең төменгі есептік құны бойынша лимиттеледі.

3.5 ҚҚІК-не енгізілген шығындарды талдау «өкіл-объектілер» қосымшасында келтірілген шығындарды және жоспарланған (жобаланатын) объект бойынша шығындарды салыстыру арқылы жүргізіледі.

ҚҚІК құрамында жекелеген шығындар болмаған кезде (мысалы, қолжетімділікті басқару жүйесі, процестерді автоматтандыру және т.б.) мұндай шығындар аналогтық жобалар бойынша қосымша ескеріледі.

3.5.1 Бастапқы жарақтандыру үшін талап етілетін жабдыққа, жиһазға, мүкәммалға арналған шығындар анықтамалық А қосымшада келтірілген. Жоспарланған (жобаланатын) объект үшін деректер болған кезде шығындар нақтыланған деректер бойынша есепке алынады.

3.5.2 Жоспарланатын (жобаланатын) объектінің құрылыс құнын айқындау үшін ҚҚІК осы кестеде қабылданған жоспарланатын (жобаланатын) объектінің өлшеуішіне көбейтілуі тиіс. Технологиялық жабдықтың құнын анықтау үшін тиісті объектінің А қосымшасының құндық көрсеткіштері жоспарланған (жобаланатын) объектінің қуатына көбейтіледі.

3.6 Құрылыс және монтаждау жұмыстарын жүргізуді қиындататын жағдайлар болған кезде түзету коэффициенттері қолданылады.

3.6.1 Қалалардың құрылыс салынған бөлігінің қысылтаяң жағдайларда салынуын ескеретін коэффициенттер техникалық бөліктерде келтірілген.

3.6.2 Сейсмикалық белсенділігі 6 балдан жоғары аудандарда объект құрылысын жоспарлау кезінде ҚҚІК-не 1-кестеде келтірілген түзету коэффициенттері қолданылады. 1-кестенің коэффициенттері құрылыс-монтаждау жұмыстары (ҚМЖ) құнының көрсеткішіне қолданылады.

1-кесте – Сейсмикалық аудандар үшін түзету коэффициенттері

Ғимараттардың (құрылыстардың) түрі	Сейсмикалы аудандар бойынша коэффициенттер			
	7	8	9	10
Өндірістік емес мақсаттағы ғимараттар (тұрғын үйлер, оқу орындары, денсаулық сақтау объектілері, спорт объектілері, әкімшілік ғимараттар, қосалқы мақсаттағы объектілер және т. б.)	1,03	1,05	1,08	1,11
Ескертпе – Қазақстан Республикасының аумағын сейсмикалық аудандастыру қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес қабылданады				

3.7 ҚҚІК қолдана отырып, құрылыс құнын есептеу ҚР ҚНБҚ 8.01-08-2022 «Қазақстан Республикасында құрылыстың сметалық құнын айқындау тәртібі» Г қосымшасының 2-нысаны бойынша орындалады.

1-бөлік ТҰРҒЫН ҮЙ-АЗАМАТТЫҚ МАҚСАТТАҒЫ ОБЪЕКТІЛЕР**1-бөлім Тұрғын ғимараттар****Техникалық бөлім**

1. Бөлімде келесі номенклатура бойынша ҚҚІК келтірілген:

- 1-кіші бөлім Аз қабатты (1-2 қабат) тұрғын ғимараттар;
- 2-кіші бөлім Орташа қабатты (3-5 қабат) тұрғын ғимараттар;
- 3-кіші бөлім Көп қабатты (6-10 қабат) тұрғын ғимараттар;
- 4-кіші бөлім Жоғары қабатты (11-16 қабат) тұрғын ғимараттар;
- 5-кіші бөлім Биік (16 қабаттан жоғары) тұрғын ғимараттар;
- 6 кіші бөлім Жатақханалар,
- 7 кіші бөлім Тұрғын ғимараттардың жапсарлас үй-жайлары

2. Бөлімде III, IV класты және шағын габаритті тұрғын үйлерді салу үшін ҚҚІК-тер қарастырылған.

3. Бір пәтерлі тұрғын үйлер, сондай-ақ тұрғын блоктары автономды болып табылатын блокталған тұрғын үйлер үшін ҚҚІК тұрғын үйдің жалпы ауданының 1 м² есептелді. Көп пәтерлі тұрғын үйлер үшін ҚҚІК пәтерлердің жалпы ауданының 1 м² есептелді.

4. Үйдің жалпы ауданы сыртқы қабырғалардың ішкі беткі қабаттары шегінде өлшенген үй қабаттары аудандарының, сондай-ақ балкондар, лоджиялар, дәліздер, террасалар аудандарының жиынтығы ретінде айқындалады. Қабаттың ауданына желдету шахталарына және түтін мұржасына арналған ойықтардың ауданы кірмейді. Үйдің жалпы ауданына желдетуге арналған жертөле, техникалық жертөле, пайдаланылмайтын шатыр, табалдырық, сыртқы ашық баспалдақтар кірмейді.

5. Пәтерлердің жалпы ауданы тұрғын, тұрғын емес үй-жайларды және келесі төмендету коэффициенттерін қолдана отырып есептелетін балкондардың (лоджиялардың, дәліздердің, террасалардың) аудандарын қамтитын, пәтерлердің пайдалы аудандарының жиынтығы ретінде айқындалады: балкондар мен террасалар үшін - 0,3, лоджиялар - 0,5, дәліздер - 0,8. Балкондардың біріктірілген лоджиялары үшін 0,4 төмендету коэффициенті қолданылады.

6. «Жатақханалар» 6 кіші бөлімнің ҚҚІК-тері 1 орынға және ғимараттың жалпы ауданының 1 м² есептелген.

7. «Тұрғын ғимараттардың жапсарлас үй-жайлары» 7 кіші бөлімнің ҚҚІК-тері жапсарлас үй-жайлардың 1 м² есептелген. Бұл кіші бөлімнің ҚҚІК-де қабырғалар мен төбелердің әрлеу жабынын, едендердің үстіңгі жабынын жасауға, ішкі есіктерді орнатуға, сантехникалық аспаптарды орнатуға арналған шығындар ескерілмеген (әлеуетті иеленушілердің немесе жалға алушылардың қаражаты есебінен көзделеді).

8. 6 кіші бөлімнің ҚҚІК-інен басқа, барлық ҚҚІК-інде тек ғимарат құрылысына ғана арналған шығындары ескерілді (алаң ішіндегі инфрақұрылым мен абаттандыру шығындары ескерілмеген).

9. Объектінің құрылысын қалалардың құрылыс салынған бөлігінде жүргізумен байланысты қиын жағдайларда жоспарлау кезінде ҚҚІК-ге жұмыстарды жүргізудің қиындатылған жағдайларына арналған 1,05 коэффициенті қолданылады.

1.1- кесте Құндық көрсеткіштер

мың теңге

Норма шифры	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Объект құрылысы құнының көрсеткіші	оның ішінде			
				Құрылыс- монтаждау жұмыстарының (ҚМЖ) құны	оның ішінде		Жабдықтар
					материалдар	жұмысшылар мен машиистерді ң еңбегіне ақы төлеу	
1	2	3	4	5	6	7	8
1-кіші бөлім Аз қабатты (1-2 қабат) тұрғын ғимараттар							
1-топ Бір пәтерлі және блокталған 1-2 қабатты тұрғын ғимараттар							
9101-0101-01	Керамикалық кірпіштен салынған 1 қабатты тұрғын үй	үйдің жалпы ауданының 1 м2	272,613	272,152	146,082	67,432	0,46
9101-0101-03	Керамикалық кірпішпен қаптаумен газбетон блоктарынан салынған 1 қабатты тұрғын үй	үйдің жалпы ауданының 1 м2	274,406	270,494	160,057	53,651	3,912
2-топ Көп пәтерлі екі қабатты тұрғын ғимараттар							
9101-0102-01	Керамикалық кірпіштен салынған 2 қабатты көп пәтерлі тұрғын үй	пәтерлерді ң жалпы ауданының 1 м2	293,344	285,559	167,98	57,057	7,785
9101-0102-02	Әрлеме кірпішпен қаптаумен газбетон блоктарынан салынған 2 қабатты көп пәтерлі тұрғын үй	пәтерлерді ң жалпы ауданының 1 м2	266,147	258,696	156,376	53,425	7,451
2-кіші бөлім Орташа қабатты (3-5 қабат) тұрғын ғимараттар							
1-топ 3-5 қабатты кірпіш тұрғын ғимараттар							
9101-0201-01	Керамикалық кірпіштен салынған 3 қабатты тұрғын үй	пәтерлерді ң жалпы ауданының 1 м2	313,459	302,758	175,612	62,512	10,701

1.1- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
9101-0201-02	Керамикалық кірпіштен салынған 5 қабатты тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	305,577	304,261	162,303	68,591	1,316
9101-0201-03	Силикат кірпіштен салынған 5 қабатты тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	285,559	272,802	146,76	60,444	12,757
2-топ Салмақ түсетін монолитті темірбетон қаңқасы бар 3-5 қабатты тұрғын ғимараттар							
9101-0202-01	Монолитті темірбетон қаңқасы бар, қабырғалары газбетон блоктардан қаланған 5 қабатты тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	329,714	319,294	171,316	78,36	10,42
3-топ 3-5 қабатты ірі панельді тұрғын ғимараттар							
9101-0203-01	Ірі панельді 5 қабатты тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	271,019	268,071	188,779	37,793	2,947
4-топ 3-5 қабатты газбетон блоктарынан салынған тұрғын ғимараттар							
9101-0204-01	Газбетон блоктарынан салынған 5 қабатты тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	316,533	310,055	174,739	64,751	6,478
3-кіші бөлім Көп қабатты (6-10 қабат) тұрғын ғимараттар							
1-топ Кірпіш көп қабатты (6-10 қабат) тұрғын үйлер							
9101-0301-03	Қасбеті әрлеме кірпішпен қапталған силикат кірпіштен салынған 9 қабатты тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	293,892	280,516	155,131	60,457	13,375
9101-0301-04	Металды кассеталардан құралған желдетілетін қасбеті бар силикат кірпіштен салынған 9 қабатты тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	309,983	293,649	178,627	55,742	16,334

1.1- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
9101-0301-05	Қасбеті әрleme кірпішпен қапталған керамикалық кірпіштен салынған 9 қабатты тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	306,986	284,12	171,323	54,619	22,866
3-топ Салмақ түсетін монолитті темірбетон қаңқасы бар көп қабатты (6-10 қабат) тұрғын ғимараттар							
9101-0303-02	Монолитті темірбетон қаңқасы бар, қабырғалары газбетон блоктардан қаланған 9 қабатты тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	374,82	362,786	188,943	81,628	12,034
4-топ Салмақ түсетін құрама-монолитті темірбетон қаңқасы бар көп қабатты (6-10 қабат) тұрғын ғимараттар							
9101-0304-01	Құрама-монолитті темірбетон қаңқасы бар, қабырғалары жеңіл бетон блоктарынан қаланған, 9 қабатты тұрғын үй; сыртқы әрлеу – сылақ және қасбеттік бояумен бояу	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	329,163	311,357	162,181	70,274	17,806
9101-0304-02	Құрама-монолитті темірбетон қаңқасы бар, қабырғалары силикат кірпіштен қаланған және фиброцемент тақталарынан құралған желдетілетін қасбеті бар 9 қабатты тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	356,643	334,357	191,299	69,86	22,285
5-топ Ірі панельді көп қабатты (6-10 қабат) тұрғын ғимараттар							
9101-0305-02	Ірі панельді 9 қабатты тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	275,675	267,707	191,087	36,766	7,968
6-топ Қаңқалы-панельді көп қабатты (6-10 қабат) тұрғын ғимараттар							
9101-0306-01	Құрама-монолитті темірбетон қаңқасы бар және сыртқы қабырғалары үш қабатты құрама темірбетон панельдерден құрылған 9 қабатты тұрғын үй	пәтерлердің жалпы ауданының 1 м2	308,846	289,697	166,352	58,054	19,149

1.1- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
9101-0306-02	Монолитті темірбетон қаңқасы бар (айқасқан қабырға жүйесі) және сыртқы қабырғалары үш қабатты құрама темірбетон панельдерден құрылған 9 қабатты тұрғын үй	пәтерлерді ң жалпы ауданының 1 м2	291,953	282,532	165,47	55,65	9,421
4-кіші бөлім Жоғары қабатты (11-16 қабат) тұрғын ғимараттар							
2-топ Салмақ түсетін құрама темірбетон қаңқасы бар жоғары қабатты тұрғын үйлер (11-16 қабат)							
9101-0402-01	Құрама темірбетон қаңқасы бар 12 қабатты тұрғын үй, қабырғалары керамикалық кірпіштен қаланған	пәтерлерді ң жалпы ауданының 1 м2	341,829	324,477	176,591	71,861	17,352
3-топ Салмақ түсетін монолитті темірбетон қаңқасы бар жоғары қабатты тұрғын үйлер (11-16 қабат)							
9101-0403-01	Монолитті темірбетон қаңқасы бар, қабырғалары газбетон блоктардан қаланған 12 қабатты тұрғын үй	пәтерлерді ң жалпы ауданының 1 м2	362,084	345,168	201,062	72,079	16,915
5-кіші бөлім Биік (16 қабаттан жоғары) тұрғын ғимараттар							
1-топ Салмақ түсетін монолитті темірбетон қаңқасы бар биік (16 қабаттан жоғары) тұрғын ғимараттар							
9101-0501-02	Монолитті темірбетон қаңқасы бар, қабырғалары газбетон блоктардан қаланған 20 қабатты тұрғын үй	пәтерлерді ң жалпы ауданының 1 м2	381,929	371,181	219,718	72,619	10,748
6-кіші бөлім Жатақханалар							
1-топ Кірпіш жатақханалар							
9101-0601-01	100 орындық жатақхана	ғимаратты ң жалпы ауданының 1 м2	255,469	244,383	129,886	53,573	11,086
9101-0601-02	500 орындық жатақхана	ғимаратты ң жалпы ауданының 1 м2	196,299	189,817	103,277	41,276	6,483
2-топ Монолитті темірбетоннан жасалған тірек қаңқасы бар жатақханалар							

1.1- кестенің соңы

1	2	3	4	5	6	7	8
9101-0602-01	184 орындық жатақхана	ғимаратты ң жалпы ауданының 1 м2	279,103	270,34	143,686	61,058	8,763
9101-0602-02	244 орындық жатақхана	ғимаратты ң жалпы ауданының 1 м2	265,364	253,635	132,259	58,906	11,728
9101-0602-03	450 орындық жатақхана	ғимаратты ң жалпы ауданының 1 м2	257,766	248,648	151,335	54,764	9,118
7-кіші бөлім Тұрғын үй ғимараттарының кіріктірілген үй-жайлары							
1-топ Монолитті-қаңқалы тұрғын ғимараттардың жапсарлас үй-жайлары							
9101-0701-01	Биіктігі 6-10 қабатты монолитті-қаңқалы тұрғын ғимараттардың жапсарлас (сауда және кеңсе) үй-жайлары, үй-жайлардың аражабынға дейінгі биіктігі 4 м-ге дейін	жапсарлас үй- жайлардың 1 м2	315,595	308,65	188,04	55,528	6,945
9101-0701-02	Биіктігі 6-10 қабатты монолитті-қаңқалы тұрғын ғимараттардың жапсарлас (сауда және кеңсе) үй-жайлары, үй-жайлардың аражабынға дейінгі биіктігі 4 м-ден жоғары	жапсарлас үй- жайлардың 1 м2	337,181	292,599	173,24	56,085	44,582
9101-0701-03	Биіктігі 10 қабаттан асатын монолитті-қаңқалы тұрғын ғимараттардың жапсарлас (сауда және кеңсе) үй-жайлары, үй-жайлардың аражабынға дейінгі биіктігі 4 м-ге дейін	жапсарлас үй- жайлардың 1 м2	334,524	306,488	201,474	51,28	28,036
9101-0701-04	Биіктігі 10 қабаттан асатын монолитті-қаңқалы тұрғын ғимараттардың жапсарлас (сауда және кеңсе) үй-жайлары, үй-жайлардың аражабынға дейінгі биіктігі 4 м-ден жоғары	жапсарлас үй- жайлардың 1 м2	352,94	335,274	213,222	59,186	17,666

2-бөлім Әкімшілік ғимараттар

Техникалық бөлім

1. Бөлімде мынадай номенклатура бойынша ҚҚІК келтірілген:
 - 1-кіші бөлім Әкімшілік ғимараттар;
 - 3-кіші бөлім Қоғамдық мақсаттағы ғимараттар;
 - 4-кіші бөлім Өрт сөндіру депосы.
2. Құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштері және объект бойынша шығындар құрылымы ғимараттың жалпы ауданының белгіленген өлшем бірлігіне (өлшеуіш) - м2 келтірілген.
3. ҚҚІК алаңшылық инженерлік инфрақұрылым мен абаттандыру шығындарын ескереді.
4. 9102-0103-02, 9102-0104-01, 9102-0105-01, 9101-0106-01, 9102-0106-02 шифрлары бар объектілерге ҚҚІК үлгілік жобалар негізінде әзірленді.
5. Объектінің құрылысын қалалардың құрылыс салынған бөлігінде жүргізумен байланысты қиын жағдайларда жоспарлау кезінде ҚҚІК-ге жұмыстарды жүргізудің қиындатылған жағдайларына арналған 1,05 коэффициент қолданылады.

1.2- кесте Құндық көрсеткіштер

мың теңге

Норма шифры	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Объект құрылысы құнының көрсеткіші	оның ішінде			
				Құрылыс- монтаждау жұмыстарының (ҚМЖ) құны	оның ішінде		Жабдықтар
					материалдар	жұмысшылар мен машинистерді ң еңбегіне ақы төлеу	
1	2	3	4	5	6	7	8
1-кіші бөлім Әкімшілік ғимараттар							
1-топ Ауданы 500 м2 дейінгі әкімшілік ғимараттар							
9102-0101-01	Әкімшілік ғимарат	м2	557,163	548,743	270,96	120,99	8,42
9102-0101-02	5 құтқарушыға арналған екі модульдік ғимараттан суда құтқару станциясы	м2	292,001	292,001	274,201	13,198	0
9102-0101-03	1 типті орман өрт сөндіру бекеті	м2	393,891	372,824	211,959	72,973	21,067
2-топ Ауданы 1000 м2 дейінгі әкімшілік ғимараттар							
9102-0102-01	Әкімшілік ғимарат	м2	387,045	368,711	185	78,647	18,335
9102-0102-02	Аудандық білім бөлімінің әкімшілік ғимараты	м2	276,855	262,831	144,561	60,453	14,023
3-топ Ауданы 3000 м2 дейінгі әкімшілік ғимараттар							
9102-0103-01	Полиция бөлімшесінің әкімшілік ғимараты	м2	340,29	325,276	180,313	67,691	15,013
9102-0103-02	40 орындық кедендік ресімдеу аймағының Әкімшілік ғимараты	м2	400,223	349,417	201,726	70,107	50,806
9102-0103-03	Аудан әкімдігінің әкімшілік ғимараты	м2	256,701	248,702	133,951	53,501	7,999
9102-0103-04	Жедел басқару орталығының ғимараты (ЖБО)	м2	323,488	316,727	169,17	71,167	6,761
9102-0103-05	Жалпы саны 100 қызметкерге арналған әкімшілік ғимарат	м2	432,466	426,784	224,522	99,422	5,682
4-топ Ауданы 5000 м2 дейінгі әкімшілік ғимараттар							
9102-0104-01	60 орындық кедендік ресімдеу аймағының Әкімшілік ғимараты	м2	359,276	318,973	186,109	62,488	40,303
5-топ Ауданы 10000 м2 дейінгі әкімшілік ғимараттар							
9102-0105-01	120 орындық кедендік ресімдеу аймағының Әкімшілік ғимараты	м2	350,59	310,457	165,55	69,808	40,133

1.2- кестенің жалғасы

[illegible]

1.2- кестенің соңы

1	2	3	4	5	6	7	8
9102-0402-01	4 автомобильге арналған өрт сөндіру депосының ғимараты	м2	517,129	494,12	306,199	83,825	23,009
3-топ 6 машина-орынға арналған өрт сөндіру депосы							
9102-0403-01	II үлгідегі 6 автомобильге арналған өрт сөндіру депосының ғимараты	м2	340,909	321,083	174,952	69,579	19,825

3-бөлім Оқу орындары

Техникалық бөлім

1. Бөлімде келесі номенклатура бойынша ҚҚІК көзделген:
 - 1-кіші бөлім Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары;
 - 2-кіші бөлім Жалпы білім беру ұйымдары: мектептер;
 - 4-кіші бөлім Жоғары кәсіптік білім беру ұйымдары;
 - 5-кіші бөлім Балалар шығармашылығы мен дамыту ұйымдары;
 - 6-кіші бөлім Білім беру - әлеуметтік ұйымдары;
 - 7-кіші бөлім Интернаттық ұйымдар.
2. ҚҚІК өлшеуішін Жалпы ережелердің 3.4 тармағына сәйкес қабылдау керек.
3. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары» және «Жалпы білім беру ұйымдары: мектептер» деген кіші бөлімдердің объектілеріне арналған ҚҚІК-де алаңшілік желілер мен абаттандыруға арналған шығындар есептелмеген. Бұл шығындарды учаскенің жоспарланған көлеміне байланысты "Абаттандыру және алаңшілік желілер" кіші бөлімдерінің ҚҚІК топтары бойынша қосымша ескеру қажет.
4. Алаңшілік кәріз желілерінде септик ескерілмеген. Қажет болған жағдайда септик салуға арналған шығындар қосымша ескеріледі.
5. Алаңшілік электрмен жабдықтау желілерінде резервтік қуат көзі ретінде дизель генераторы ескерілген.
6. Объектінің құрылысын қалалардың құрылыс салынған бөлігінде жүргізумен байланысты қиын жағдайларда жоспарлау кезінде ҚҚІК-ге жұмыстарды жүргізудің қиындатылған жағдайларына арналған 1,04 коэффициенті қолданылады.

1.3- кесте Құндық көрсеткіштер

мың теңге

Норма шифры	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Объект құрылысы құнының көрсеткіші	оның ішінде			
				Құрылыс- монтаждау жұмыстарының (ҚМЖ) құны	оның ішінде		Жабдықтар
					материалдар	жұмысшылар мен машинистерді ң еңбегіне ақы төлеу	
1	2	3	4	5	6	7	8
1-кіші бөлім Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары							
1-топ Ауданы 5 000 м2 дейінгі мектепке дейінгі білім беру ұйымдары							
9103-0101-07	280 орындық балабақша	м2	239,146	226,406	123,691	49,551	12,74
9103-0101-08	160 орындық балабақша	м2	278,738	262,84	135,396	59,302	15,898
2-топ Ауданы 5 000 м2 астам мектепке дейінгі білім беру ұйымдары							
9103-0102-03	320 орындық балабақша	м2	224,406	219,038	145,807	42,237	5,368
9103-0102-05	Бассейні бар 300 орындық балабақша	м2	245,187	235,138	133,71	48,384	10,048
3-топ Мектепке дейінгі жалпы білім беру ұйымдары үшін абаттандыру және алаңшiлiк желiлер							
9103-0103-01	Ауданы 1 га-ға дейінгі учаскесі	1 га	239 906,441	232 680,725	141 115,768	37 229,586	7 225,716
9103-0103-02	Ауданы 1 га дан астам 1,5 га ға дейінгі учаскесі	1 га	226 048,541	220 267,968	134 753,626	36 019,732	5 780,573
9103-0103-03	Ауданы 1,5 га дан астам учаскесі	1 га	203 214,422	199 360,707	129 147,153	27 764,959	3 853,715
2-кіші бөлім Жалпы білім беру ұйымдары: мектептер							
1-топ Жалпы білім беру ұйымдары: ауданы 4 000 м2-ден 7 000 м2-ге дейінгі мектептер							
9103-0201-08	300 орындық мектеп	м2	372,604	353,399	224,039	63,227	19,205
		1 орын	6 929,196	6 572,038	4 166,379	1 175,813	357,157
2-топ Жалпы білім беру ұйымдары: ауданы 7 000 м2-ден 12 000 м2-ге дейінгі мектептер							
9103-0202-06	600 орындық мектеп	м2	334,802	326,495	197,775	63,009	8,308
		1 орын	4 882,79	4 761,63	2 884,375	918,937	121,16
9103-0202-10	900 орындық мектеп	м2	339,008	325,176	190,395	61,682	13,831
		1 орын	3 994,281	3 831,317	2 243,283	726,753	162,963
4-топ Жалпы білім беру ұйымдары: ауданы 12 000 м2-ден 20 000 м2-ге дейінгі мектептер							
9103-0204-05	1200 орындық мектеп	м2	288,114	274,532	173,336	47,889	13,582
		1 орын	3 054,416	2 910,43	1 837,609	507,694	143,986
9103-0204-06	1500 орындық мектеп	м2	297,013	282,263	194,425	47,069	14,75
		1 орын	3 046,335	2 895,052	1 994,137	482,762	151,282
5-топ Жалпы білім беру ұйымдары: ауданы 20 000 м2 астам мектептер							

1.3- кестенің жалғасы

[illegible]

1.3- кестенің соңы

1	2	3	4	5	6	7	8
9103-0703-01	200 орындық жатақханасы бар 200 орындық мектеп-интернат	м2	272,845	265,137	135,938	63,97	7,708
5-топ Интернат ұйымдары: ауданы 20 000 м2 асатын мектеп-интернаттар							
9103-0705-01	300 орындық жатақханасы бар 400 орындық мектеп-интернат	м2	274,418	262,332	157,74	45,852	12,085
6-топ Интернат ұйымдары: жалпы білім беретін мектеп жанындағы алаңы 5 000 м2 дейінгі интернат							
9103-0706-01	100 орындық интернат (жатын корпусы)	м2	215,396	208,393	120,782	40,433	7,002
7-топ Интернат ұйымдары: ауданы 5000 м2-ден 10 000 м2-ге дейінгі жалпы білім беретін мектеп жанындағы интернат							
9103-0707-01	300 орындық интернат (жатын корпусы)	м2	233,362	221,455	125,825	47,435	11,907

4-бөлім Денсаулық сақтау объектілері

Техникалық бөлім

1. Бөлімде келесі номенклатура бойынша құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштері келтірілген:

- 1-кіші бөлім Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар;
- 2-кіші бөлім Стационарлық көмек көрсететін ұйымдар;
- 3-кіші бөлім Жедел медициналық көмек және медициналық авиация ұйымдары;
- 5-кіші бөлім Қалпына келтіру емі және медициналық оңалту ұйымдары.

2. ҚҚІК өлшегіші жалпы ауданның м2 қабылданды.

3. Алаңішілік кәріз желілерінде септик ескерілмеген. Қажет болған жағдайда септик құрылғысына арналған шығындар қосымша қабылданады.

4. Алаңішілік электрмен жабдықтау желілерінде резервтік қуат көзі ретінде дизель генераторы ескерілген.

5. «Ауданы 500 м2-ден 1 000 м2-ге дейін амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар» топтағы «Ауысымына 50 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория» объектісіне арналған ҚҚІК ҚР ТЖ 50 ДА-2.2 - 2012 байланыстырылған үлгілік жобасы негізінде әзірленді.

6. «Ауданы 3 000 м2-ден 5 000 м2-ге дейін амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар» топтағы «Ауысымына 250 келушіге арналған емхана» объектісіне арналған ҚҚІК ҚР ТЖ АKE-2.2 2012 байланыстырылған үлгілік жобасы негізінде әзірленді.

7. Объектінің құрылысын қалалардың құрылыс салынған бөлігінде жүргізумен байланысты қиын жағдайларда жоспарлау кезінде ҚҚІК-ге жұмыстарды жүргізудің қиындатылған жағдайларына арналған 1,04 коэффициенті қолданылады.

1.4- кесте Құндық көрсеткіштер

мың теңге

Норма шифры	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Объект құрылысы құнының көрсеткіші	оның ішінде			
				Құрылыс- монтаждау жұмыстарының (ҚМЖ) құны	оның ішінде		Жабдықтар
					материалдар	жұмысшылар мен машиналарды ң еңбегіне ақы төлеу	
1	2	3	4	5	6	7	8
1-кіші бөлім Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар							
1-топ Ауданы 500 м2 дейінгі амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар							
9104-0101-01	Ауысымына 30 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория	м2	474,542	448,559	235,939	97,525	25,982
9104-0101-02	Бір ауысымда 50 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория	м2	450,748	428,012	224,803	95,214	22,736
9104-0101-06	Ауысымына 40 келушіге арналған фельдшерлік-акушерлік пункт (сыртқы инженерлік желілерсіз)	м2	542,048	536,41	339,351	94,75	5,638
9104-0101-07	Ауысымына 25 келуге арналған медициналық пункт (сыртқы инженерлік желілерсіз)	м2	555,552	531,151	352,26	88,661	24,401
2-топ Ауданы 500 м2-ден 1 000 м2-ге дейін амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар							
9104-0102-01	Ауысымына 100 келушіге арналған емхана	м2	388,266	371,752	184,761	92,386	16,514
9104-0102-03	Ауысымына 75 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория	м2	458,284	437,733	247,347	99,511	20,551
9104-0102-05	Ауысымына 50 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория	м2	571,309	538,795	228,757	142,717	32,514
3-топ Ауданы 1 000 м2-ден 3 000 м2-ге дейін амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар							
9104-0103-01	Ауысымда 120 адам қабылдайтын емхана	м2	374,08	360,346	171,344	96,477	13,735
9104-0103-02	Ауысымына 200 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория	м2	561,077	526,905	295,86	129,044	34,172
4-топ Ауданы 3 000 м2-ден 5 000 м2-ге дейін амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар							
9104-0104-02	Ауысымда 500 адам қабылдайтын емхана	м2	526,967	498,46	190,365	148,073	28,506

1.4- кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
9104-0104-03	Аусымына 250 адам қабылдайтын емхана	м2	427,497	400,437	217,776	84,426	27,06
2-кіші бөлім Стационарлық көмек көрсететін ұйымдар							
1-топ Ауданы 10 000 м2 дейінгі стационарлық көмек көрсететін ұйымдар							
9104-0201-01	75 төсек-орындық аурухана	м2	538,054	504,047	245,799	120,038	34,007
9104-0201-02	100 төсек-орындық туберкулез ауруханасы	м2	412,65	385,563	223,064	90,698	27,087
2-топ Ауданы 10 000 м2-ден 20 000 м2-ге дейін стационарлық көмек көрсететін ұйымдар							
9104-0202-01	60 төсек-орындық перзентхана	м2	295,229	266,135	148,638	55,401	29,094
3-топ Ауданы 20 000 м2-ден 30 000 м2-ге дейін стационарлық көмек көрсететін ұйымдар							
9104-0203-01	200 төсек-орындық онкология диспансері	м2	358,231	336,776	189,733	77,581	21,455
4-топ Ауданы 30 000 м2-ден 40 000 м2-ге дейін стационарлық көмек көрсететін ұйымдар							
9104-0204-02	250 келушіге арналған емханасы бар 190 төсек-орындық балалар ауруханасы	м2	515,625	432,396	250,87	89,863	83,229
5-топ Ауданы 40 000 м2-ден 50 000 м2-ге дейін стационарлық көмек көрсететін ұйымдар							
9104-0205-01	300 төсек-орындық көпбейінді аурухана	м2	411,923	344,778	235,701	56,121	67,145
3-кіші бөлім Жедел медициналық көмек және медициналық авиация ұйымдары							
2-топ Ауданы 1 000 м2-ден 3 000 м2-ге дейін жедел медициналық көмек және медициналық авиация ұйымдары							
9104-0302-01	Жылына 20 000 шақыртуға арналған жедел медициналық жәрдем станциясы	м2	356,641	332,003	185,144	79,432	24,638
9104-0302-02	Жылына 40 000 шақыртуға арналған жедел медициналық жәрдем станциясы	м2	322,698	311,117	178,045	59,156	11,582
3-топ Ауданы 3 000 м2-ден 5 000 м2-ге дейін жедел медициналық көмек және медициналық авиация ұйымдары							
9104-0303-01	Жылына 80 000 шақыртуға арналған жедел медициналық жәрдем станциясы	м2	412,081	398,18	223,264	79,523	13,902
5-кіші бөлім Қалпына келтіру емі және медициналық оңалту ұйымдары							
1-топ Медициналық оңалтуды қамтамасыз ететін ұйымдар							
9104-0501-01	150 төсек-орындық мүгедектерді оңалту орталығы	м2	307,252	287,232	167,772	54,927	20,02
9104-0501-02	143 төсек-орынға арналған белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған жедел медициналық-әлеуметтік көмек пункті	м2	291,695	278,673	178,217	56,607	13,022
9104-0501-03	30 төсек-орындық мүгедектер үйі	м2	328,218	316,508	176,331	72,345	11,71

1.4- кестенің соңы

1	2	3	4	5	6	7	8
9104-0501-04	100 төсекке 18 жастан асқан адамдарға арналған психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекеме	м2	237,146	221,142	132,442	42,442	16,004

5-бөлім Спорттық ғимараттар

Техникалық бөлім

1. Бөлімде келесі номенклатура бойынша құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштері келтірілген:
 - 1-кіші бөлім Оқу-жаттығу (коммерциялық көрермен үшін орын жоқ);
 - 2-кіші бөлім Демонстрациялық (жарыстар мен ойын-сауық іс-шараларын өткізу үшін).
2. Алаң ішіндегі кәріз желілерінде септик ескерілмеген. Қажет болған жағдайда септикті орнату шығындары қосымша қабылданады
3. Объектінің құрылысын қалалардың құрылыс салынған бөлігіндегі құрылыспен байланысты қиын жағдайларда жоспарлау кезінде ҚҚІК-ге жұмыстарды жүргізудің қиындатылған жағдайларына арналған 1,04 коэффициенті қолданылады.

1.5- кесте Құндық көрсеткіштер

мың теңге

Норма шифры	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Объект құрылысы құнының көрсеткіші	оның ішінде			
				Құрылыс- монтаждау жұмыстарының (ҚМЖ) құны	оның ішінде		Жабдықтар
					материалдар	жұмысшылар мен машиистерді ң еңбегіне ақы төлеу	
1	2	3	4	5	6	7	8
1-кіші бөлім Оқу-жаттығу (коммерциялық көрермен үшін орын жоқ)							
1-топ Оқу-жаттығу ауданы 2 000 м2 дейінгі (коммерциялық көрерменге арналған орындарсыз)							
9105-0101-01	Бір ауысымда 32 келушіге арналған жүзу бассейні	м2	326,062	311,3	160,192	63,634	14,762
9105-0101-02	Ауысымына 32 келушіге арналған ангар типті спорт залы	м2	343,693	328,601	189,568	64,462	15,092
9105-0101-03	Ауысымына 50 келушіге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешені	м2	392,01	367,682	278,321	41,779	24,329
2-топ Оқу-жаттығу ауданы 2 000 м2-ден 5 000 м2-ге дейінгі (коммерциялық көрерменге арналған орындарсыз)							
9105-0102-02	Бір ауысымда 96 адам қабылдайтын жүзу бассейні бар спорт кешені	м2	409,686	383,566	265,09	54,992	26,121
2-кіші бөлім Демонстрациялық (жарыстар мен ойын-сауық іс-шараларын өткізу үшін)							
1-топ Демонстрациялық ауданы 2 000 м2 дейінгі (жарыстар мен ойын-сауық іс-шараларын өткізу үшін)							
9105-0201-01	100 көрерменге арналған жүзу бассейні бар спорт кешені	м2	208,672	205,639	129,04	35,542	3,033
9105-0201-02	160 көрерменге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешені	м2	412,193	387,818	217,25	78,338	24,375
2-топ Демонстрациялық ауданы 2 000 м2-ден 5 000 м2-ге дейінгі (жарыстар мен ойын-сауық іс-шараларын өткізу үшін)							
9105-0202-01	200 көрерменге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешені	м2	327,868	319,037	194,174	56,937	8,83
9105-0202-02	300 көрерменге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешені	м2	345,271	328,067	193,011	64,101	17,204
9105-0202-03	420 көрерменге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешені	м2	408,691	404,001	307,324	50,44	4,69
9105-0202-04	433 көрерменге арналған мұзды хоккей аренасы	м2	614,588	515,691	343,427	74,048	98,898

1.5- кестенің соңы

1	2	3	4	5	6	7	8
9105-0202-05	160 көрерменге арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешені (ұлтас-тас)	м2	354,333	339,616	205,148	61,5	14,717
3-топ Демонстрациялық ауданы 5 000 м2-ден 10 000 м2-ге дейінгі (жарыстар мен ойын-сауық іс-шараларын өткізу үшін)							
9105-0203-02	307 көрерменге арналған жүзу бассейні	м2	322,798	287,588	182,548	47,007	35,21
4-топ Демонстрациялық ауданы 10 000 м2-ден 15 000 м2-ге дейінгі (жарыстар мен ойын-сауық іс-шараларын өткізу үшін)							
9105-0204-01	332 көрерменге арналған спорт сарайы	м2	238,733	227,355	139,988	39,814	11,378

6-бөлім Ашық спорт құрылыстары

Техникалық бөлім

1. Бөлімде келесі номенклатура бойынша құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштері келтірілген:

- 1-кіші бөлім Дене шынықтыру-сауықтыру;
- 2-кіші бөлім Спорттық-демонстрациялық.

2. 9106-0101-01 – «Стадион» шифры бар ҚҚІК жеке де, құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің шегінде орналасқан қосымша объект ретінде де ескерілуі мүмкін.

3. Объектінің құрылысын қалалардың құрылыс салынған бөлігіндегі құрылыспен байланысты қиын жағдайларда жоспарлау кезінде ҚҚІК-ге жұмыстарды жүргізудің қиындатылған жағдайларына арналған 1,04 коэффициенті қолданылады.

1.6- кесте Құндық көрсеткіштер

мың теңге							
Норма шифры	Объектінің атауы	Өлшем бірлігі	Объект құрылысы құнының көрсеткіші	оның ішінде			
